

Некоторые структурные подразделения из шести оставшихся в Бонне(Германия) министерств работали в Берлине. Основные реализованные функции информационной системы, например, в виде Intranet, обеспечивают создание электронной деловой переписки, электронного документооборота в сочетании с традиционным документооборотом, цифровых видеоконференций и электронного архива с возможностью ограничения оперативного доступа к документам.

В компьютерном центре лондонского университета и в Центральном архиве департамента культуры правительства Каталонии находится такой важный государственный проект, как интенсивное исследование проблем удешевления стоимости архивного хранения электронных документов. В этой сфере активно занимаются созданием собственных электронных архивов и коммерческие организации. Например, организованы электронные архивы фармацевтических фирм Великобритании и Японии.

В качестве крупнейшего проекта InterPARES, то есть Международного исследовательского проекта по устойчивой поддержке подлинности документов в электронных системах, занимает отдельное место. Данный проект реализуется исследователями из Канады, США, Великобритании, Ирландии, Швеции, Нидерландов, Италии, Австралии, Китая. Широкомасштабный проект поможет найти решение ряда актуальных проблем. Многие вопросы о природе электронных документов, их идентификаторах, правилах и процедурах обеспечения сохранности, принципах развития методов миграции и поддержки подлинности электронных документов и долгосрочной международной политике, безусловно, найдут отклик. Пока в мире не разработан проект, который превзошел его многогранность и академичность.

В мире часто упоминается труд архивистов, накопивших богатый опыт работы с электронными документами. Таким опытом можно назвать Национальный архив Дании, Национальный архив Франции и Центр современных архивов, Национальные архивы Швеции, Финляндии, Германии, ряд архивов, входящих в Ассоциацию муниципальных архивов Нидерландов, исторические архивы Дании, Нидерландов, Великобритании. Особенно в Национальном архиве США 42 млн. проект архивного хранения сообщений электронной почты очень интересен. Несмотря на большое количество накопленного опыта, на его основе все еще трудно делать конкретные рекомендации. Тем не менее, накопленный сегодня опыт работы с электронными документами дает возможность достичь эффективных результатов, интегрируясь с системой электронного архива электронного документооборота в Казахстане.

Список использованной литературы

1. Адельгужин А. Нормативная правовая база по документированию и архивному делу. – 2017. – с. 14-20.
2. Жусупов Е. О документационном обеспечении управленческой деятельности. – 2010. – с. 23-25.
3. Джерембаев Е. Внедрение «электронного документооборота» в Национальном банке Республики Казахстан. – 2014. – с. 48-50.
4. Канафин Б. История одного проекта, стоящая за двумя фазами Президента РК. – 2020. – с. 2-3.

Берденова У.Қ. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультеті, Ю-11 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші - з.ғ. магистрі, аға оқытушы Бирманова А.И.*)

ҚҰҚЫҚТЫҚ НИГИЛИЗМ - ҚҰҚЫҚТЫҚ АУЫТҚУШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Мықты, нәтижелі, бәсекеге қабілетті демократиялық құқықтық мемлекет құру халықаралық-құқықтық бағдарларға негізделеді. Басқа елдердің оң тәжірбиесін ұстану, Қазақстанның бүгінгі және келешек ұрпағының алдына қойған міндеттерінің деңгейіне және күрделілігіне сәйкес конституциялық-құқықтық дәрежесін нығайту және жүйелі іске асырылуының алғышарты болып табылады.

Алайда, ҚР Конституциясымен жария етілген осы және басқа да гуманистік идеяларды тәжірбие жүзінде іске асыруға әртүрлі теріс жағдайлар мен ауытқушылықтар кедергі келтіреді, солардың бірі – құқықтық (немесе заңдық) нигилизм болып табылады. Нәтижесінде дәл осының әсері Қазақстандағы демократиялық реформалардың жүргізілуіне тежеу бола алады.

Ғылыми әдебиеттерде және бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық нигилизммен күресу қажеттілігі туралы бірен-саран мақалалар жарық көрді. Дегенмен, осы феноменнің талдануына кешенді ғылыми жол салынбады десек те болады.

Тек, жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарда ғана құқықтық нигилизмнің әртүрлі тараптарына деген қызығушылық айтарлықтай дамыды. Тақырыптың кейбір жақтары мен мәселелеріне арналған әртүрлі ғылыми мақалалар, диссертациялар, монографиялар пайда болды. Алайда, заманауи талаптар мен бүгінгі күннің шындығына жауап бере алатындай негізді, іргелі зерттеулер әзірше жоқ. Тап осы кезде қарастырылып отырған апаттың заманауи Қазақстандағы көлемі барынша өсіп және мемлекет пен қоғамның мүддесіне қауіпті сипат алып келеді.

Заманауи жағдайда нигилизм қоғамның әртүрлі салаларында кең таралып отыр. Саяси өмірде ол демократиялық идеалдар мен құндылықтарды теріске шығару арқылы көрініс тауып отыр. Әдебиеттерде, публицистикада және тарихта бұдан бұрынғы даму тәжірибесіне теріс қарым-қатынас, тарихты «қайта жазу» немесе оны бір өлшемдегі, теріс бейнеде ұсынып көрсету арқылы танылады. Нигилизм көрінісінің бірі бұқаралық субмәдениеттердің таралуы болып табылады. Мұның барлығы, сөзсіз құқықтық ортаны түрлендіреді және оның таралуына ықпал етеді [1,9].

Бүгінгі күнге дейін бұл құбылысты түсінуге деген бірде бір тәсіл ойластырылмаған. Дегенмен, оның заманауи Қазақстанда таралуы барынша өсіп, сәйкесінше мемлекет пен қоғамның мүдделеріне қауіпті сипат алып келе жатыр.

Құқықтық нигилизм - біздің уақытымызда барынша дамыған, жалпы алғанда құқықтық санаға әсер етуші, құқықты теріске шығарушы және заңгерлік фетишизм, құқықтық идеализм және құқықтық жетілмегендікпен салыстырғанда жоғары қоғамдық қауіп дәрежесі бар деструктивті жағдай. Олар көбінесе әлеуметтік-құқықтық психологияға және әлеуметтік-құқықтық идеологияға теріс әсерін тигізеді. Қоғамдық өмірдің жағымсыз құбылысы ретінде құқықтық нигилизм қоғамдық құқықтық болмысқа әсер ететін күрделі идеялық-психологиялық, құқықтық көзқарастарды, түсініктерді және құқықтық нұсқауларды бұзатын құбылыс, нәтижесінде қоғамдағы өзара қарым-қатынастың тұрақтылығы және реттелгендігіне нұқсан келеді. Әлеуметтік нигилизмнің бір түрі болып табылатын құқықтық нигилизм барлық субъектілер қажетті нәтижелерге құқықтық емес құралдар және тәсілдермен қол жеткізетін қоғамдық сананың девиантты формасы болып көрінеді. Бұл құбылыстың мәні құқықты мойындамау немесе нормативті-құндылықты реттеуші және биіктеткіш ретіндегі құқықты теріске шығару, қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудың құқыққа алтернативті идеялары мен тәсілдерін қолдану.

Құқықтық нигилизм өз бетінше құбылыс бола отырып, құқық ауытқушылығының негізі болып табылады. Бүгінгі Қазақстандағы құқықтық нигилизм көрінісінің барынша кең тараған үлгілеріне: ұйымдасқан қылмыстың кең тараған әрекеті, мемлекеттік аппарат бөлігінің жемқорлығы, қазақстандық құқықтық жүйедегі нормативті-құқықтық актілердің қарама-қайшылығы немесе тіпті бірін-бірі өзара жоққа шығарушылығы; сектанттық бағыттағы ресми емес діни бірлестіктердің, саяси немесе діни экстремизмдік ұйымдар мен топтардың антиқұқықтық қызметі; адам құқығы мен бостандығын мойындамау немесе бұзу жатады [2,28].

Құқықтық нигилизмді жеңудің негізгі жолдары: азаматтардың жалпы және құқықтық мәдениетін, олардың құқықтық және моральдық санасын көтеру; заңнаманы жетілдіру; құқықбұзушылықтардың және ең алдымен қылмыстардың алдын алу; заңдылық пен құқықтық тәртіпті, мемлекеттік тәртіпті бекіту; жеке тұлғаның құқығын құрметтеу және барлық шамада қорғау; жалпылама ағарту және тұрғындарға құқықтық тәрбие беру; біліктілігі жоғары заңгер кадрларды дайындау; құқықтық реформаны тезірек жүргізу және басқалары. Алайда, анық болып тұрғаны сол құқықтық нигилизмді бір сәтте жою мүмкін емес. Бұл қиын және ұзақ үрдіс.

Бүгінгі таңда біздің қоғам түрлі кереғарлықтарға толы болып отыр. Бір тараптан құқықтық нигилизм етек жайып жатса, екінші тараптан «аңқау» құқықтық идеализм тарауда. Қалай болған күнде де бір-бірімен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ұғымдар, бір қоғамда біте қайнасып жасап жатыр, жасап қана қоймай, бірге жалпы құқықтық беймәдениеттіліктің негізін қалап отыр.

Бірінші жағдайда заң қымсынбастан аяқасты етіледі, бұзылады, заңның бұйырғанын орындамайды, бағаламайды, құрметтемейді; ал екінші жағдайда заң қордаланған барлық мәселені әп-сәтте шешіп тастауға қауқарлы керемет күш болып көрінеді. Топтық сана кез келген сұраққа қатысты туындаған заңды қабылдауға итермелейді. Мұндай құбылыс құқықтық идеализм, романизм немесе құқықтық құралдардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және т.б. мәселелерді шешудегі шынайы рөлін тым асыра бағалау, шектен тыс қиялға берілу.

Бұл құбылыстың мәні құқыққа, заңдарға, нормативтік тәртіпке теріс, құрметсіз, немқұрайлы қарым-қатынаста; олар ашықтан ашық назарға алынбайды, бұзылады, орындалмайды, оларды құрметтемейді, бағаламайды. Құқықтық нигилизм көріністері антиқоғамдық сипатқа ие, азаматтар құқығы белден басылады, негіздер мен тәртіпке қол сұғылады, қоғамның экономикалық, мәдени, құқықтық, саяси дамуына кедергі келтіріледі. Мұның барлығы басқа себептердің салдары болып табылады, оларды жеңбей құқықтық мемлекет идеясы жүзеге аспайды. Құқықтық нигилизм халықтың кең көлемінің құқықтық санасының қалыптасуына айтарлықтай әсерін тигізеді. Дәл біздің өміріміздің шындығында осы мәселе өзектілігінің өткірлігі байқалып отыр, өйткені құқықтық нигилизм қауіпті әлеуметтік құбылыс, көп жағдайда экономика және юриспруденция дамуының барысындағы реформалар мен қайта құрулар жолындағы салмақты кедергі бола алады. Құқықтық нигилизм қоғам мен мемлекеттің қоғамдық және саяси өмірінің көптеген салаларына еніп кеткен кешенді әлеуметтік-құқықтық құбылыс, сондықтан бұл құбылыстың өзектілігі құқықтық мемлекеттердің қалыптасу үрдісінде алдыңғы қатарға шығарылады.

Құқықтық нигилизм негізінен құқықтан өзін аластату болып табылады. Құқықтық нигилизм кең тараған кезде құқықты жатсынып, қоғам құқықсыз күн кешуге тырысады.

Неміс философы М.Хайдеггер еуропалық нигилизм феноменін талдап, оның үш түрін атап өтті. Біріншіден, бұл бүкіл болмыстың мағынасыздығы, құнсыздануы. Құндылықтар иерархиясының болмауы барлық құндылықтардың теңдесуіне, олардың барлығы салыстырмалы, сәйкесінше, жалпы алғанда оларда жалпыға ортақ мағына жоқ деген түсінікке алып келеді. Екіншіден, нигилизм адам әлемі, қоғам «психологиялық қажеттіліктерден» ғана құралған және жеке мүдделердің қиылысу жүйелері болып қана табылады деген түсінікпен танылады. Үшіншіден, әлемде, қоғамда, адамда қандай да бір ұйымдастырушылық, бірыңғай тәртіп және өмірлік қатынастары жүйесінің құндылығы жоқ деген таным [3].

Қазақстандағы құқықтық нигилизм-бұл саяси үдерістегі деформацияланған құқықтық сананың және халықтың құқықтық мәдениетінің бір түрі. Қазақстан қоғамының азаматтарына тән өзіндік құқықтық сана жүздеген жылдар бойы құқықтық институттардың қызмет ету ерекшелігіне негізделген. Қазақстандағы құқықтық нигилизм қазіргі дәуірдің бөлігі болып табылмайды, оның тамыры Қазақстан тарихының тереңінен кетеді. Тек соңғы жылдары ғана қазақстандық қоғам үшін сын болып, қоғамдық – саяси өмірдің айқын, сондай-ақ бұрын жасырын қайшылықтарын белгіледі. Бұл ретте қазіргі заманғы құқықтық жүйенің және Қазақстан мемлекетінің құқықтық саясатының кемшіліктері де айқын көрініс тапты [4]. Алайда, құқықтық нигилизмнің ең қауіпті салдары жемқорлық болып табылады, біздің мемлекетіміз бен қоғамымыздың басты мәселесі. Жемқорлық мемлекет экономикасына нұқсан келтіретін экономикалық қылмыстар мен қаржылық махинациялар үшін жазадан жалтару режимін қалыптастырады. Мемлекеттік қызметшілердің өздері құқықтық нигилизм еліміздегі жемқорлықтың басты себептерінің бірі екенін мойындайды.

Осылайша, Қазақстан көптеген ғасырлар бойғы деспоттық билік жүйесі, халықтың басым көпшілігінің құқықсыз жағдайы, жеке тұлғаның құқығы мен бостандығы кепілінің жоқтығы, ішкі және сыртқы саясаттағы мәжбүрлеу-күштеу әдістері мен тәсілдері, елді басқарудың бюрократтық-орталықтандырылған жүйесінің бекітілуі және қандай да бір басқаша ойдың бетін қайтару, біздің ойымызша қазақстандық қоғамның санасындағы құқықтық нигилизмнің жоғары деңгейін алдын ала белгілеп берді.

Қорытындылай келе, біз қарастырып отырған құбылысқа келесідей сипаттама беруге болады: құқықтық нигилизм - ең алдымен халық санасында қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеу оларды қатысушыларының бостандығы мен формальды теңдігін мойындаудан келіп жүзеге асырылуы тиіс деген түсініктің болмауы; екіншіден, бұл ұстанымдарды құндылықтар ретінде мойындамау; үшіншіден, олардың негізінде қарым-қатынас құруды білмеу және білуді қаламау.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Алтунина, И.С. К вопросу о понимании правового нигилизма в контексте отечественных анархистских теорий XIX – начала XX веков // Образование. Наука. Научные кадры. – 2014. – № 3. – С. 9-14.
- 2 Нурпеисов Д.К. Правовой нигилизм как препятствие на пути построения правового государства // Вестник КазНУ: Сер.Юридическая. - 2005. - №1. -С.28-33.
- 3 Хайдеггер М. Европейский нигилизм : Библиотека Гумер – философия. – (<http://www.gumer.info/>).
- 4 Профилактика правового нигилизма Казахского общества путем правового воспитания несовершеннолетних. <https://www.zakon.kz/-profilaktika-pravovogo-nigilizma.html>